

## **"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 15 қаңтар N 139-II

1-бап. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Z980304\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2-бапта:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудиторлық қызмет дегеніміз аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қаржылық есептілік аудитін жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар өз қызметінің бағыты бойынша қаржылық есептілік аудитінен басқа мынадай:

бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық және статистикалық есептіліктер жасау;

салықтық жоспарлау, бюджетке төленетін міндетті төлемдерді есептеу салық декларацияларын толтыру;

қаржы-шаруашылық қызметті талдау;

қаржы, салық, банк және өзге де шаруашылық заңдары мәселелері бойынша консультация беру және ақпараттық қызмет көрсету;

қосымша кәсіби білім ретінде бухгалтерлік есепке, салықтық есепке, аудитке және қаржы-шаруашылық қызметке талдау жасауға оқыту;

оқытушылық, ғылыми қызмет;

бухгалтерлік есепті автоматтандыру жөнінде ұсынымдар жасау, автоматтандырылған есеп жүргізуді оқыту;

бухгалтерлік есеп, салық салу, шаруашылық құқық бойынша ғылыми талдама жасау, әдістемелік құралдар мен ұсынымдар шығару;

бизнесі бағалау;

бағалау қызметі;

бағалы қағаздар рыногындағы қызмет;

адвокаттық қызметпен байланысты емес заң қызметтерін көрсету жөнінде қызметтер көрсете алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы тармақта көзделген жекелеген қызмет түрлерін көрсету тиісті лицензия алуды қажет етсе, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың осындай лицензиясыз бұл қызметтерді көрсетуге құқығы жоқ.

”;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға кәсіпкерлік қызметтің осы бапта көзделмеген өзге түрлерімен айналысуға тыйым салынады."

2. 4-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудит Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес қаржылық есептіліктің дұрыс және объективті жасалғаны туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың (бұдан әрі - аудиттелетін субъектілер) қаржылық есептілігін тексеру (бұдан әрі - аудит) болып табылады. V980575\_ V980516\_

2. Аудиттің түрлері міндетті аудит және бастамашылық аудит болып табылады.

Міндетті жыл сайынғы аудитке:

банктер;

кредиттік серіктестіктер;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және бағалы қағаздар рыногында қызмет істейтін ұйымдар;

сақтандыру ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар, инвестициялық қорлар;

табиғи монополия субъектілері;

шетел қатысатын кәсіпорындар;

ашық халықтық қоғамдар жатады.

Аудит жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге жағдайларда да міндетті болып табылады.

Бастамашылық аудит аудиттелетін субъектінің бастамасы бойынша аудиттелетін субъектінің және аудитордың, аудиторлық ұйымның арасында аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген нақты міндеттер, аудит мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі."

3. 6-бап мынадай мазмұндағы 3-5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторлардың саны кемінде екі адамнан құралуға тиіс.

4. Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталында аудиторларға және (немесе) аудиторлық ұйымдарға тиесілі үлес кемінде 51 процент болуға тиіс.

5. Аудиторлық ұйымның басшысында Қазақстан Республикасы аудиторының біліктілік куәлігінің болуы міндетті."

4. 8-бапта:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

"2) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;"

2) 2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) халықаралық практика негізінде аудит стандарттарын әзірлейді және аудиторлар

мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;"

3) 2-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) уәкілетті мемлекеттік органдарға аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны кері қайтарып алу немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы ұсыныс айтады және нақты себептерін көрсетіп, аудитордың біліктілік куәлігінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізеді;"

5. 9-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аттестаттауға жоғары білімі және экономика, қаржы, есептік-талдау, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында соңғы жеті жылдың бес жылы ішіндегі жұмыс тәжірибесі бар адамдар, сондай-ақ жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп пен аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызметпен айналысатын және осы аталған салаларда соңғы бес жылдың ішінде кемінде екі жыл практикалық жұмыс стажы бар адамдар жіберіледі.";

2) 4-тармақтағы "бір жылдан" деген сөздер "алты айдан" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 10-бапта:

1) 2-тармақ "бір өкілден" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, саны Біліктілік комиссиясы құрамының жалпы санының үштен бірін құрауы тиіс мемлекеттік органдардың өкілдері" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-тармақ "мүшелерінің ішінен" деген сөздерден кейін "аудиторлық қызметпен айналысатын" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 11-баптың 1-тармағында:

1) 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға жіберу үшін берілген мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған;"

2) 3) тармақшадағы "жалған" деген сөзден кейін "немесе біліксіз" деген сөздермен толықтырылсын, "қорытынды" деген сөз "есеп" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4) тармақшадағы "және" деген сөзден кейін "кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 12-баптың 7-тармағындағы "жариялауды" деген сөзден кейін ", аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және аудиттелетін субъектілердің аудиторлық қызметті жүзеге асыруға байланысты өтініштерін қарауды" деген сөздермен толықтырылсын.

9. 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Аудиторлық есеп

1. Жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша аудиторлық есеп жасалады, ол аудит стандарттарына сәйкес келуге тиіс.

2. Аудиторлық есеп заңдарға сәйкес аудит жүргізуге міндетті аудиттелетін субъектілердің қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. V980575\_ V980516\_

3. Жеке кәсіпкер болып табылатын аудитор жасаған аудиторлық есепке ол қол қояды және оны өзінің жеке мөрімен куәландырады.

Аудиторлық есепте, сондай-ақ аудитор лицензиясының нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

4. Аудиторлық ұйымның аудиторлық есебіне атқарушы-аудитор қол қояды, оның жеке мөрімен куәландырылады, оның аудиторлық ұйымның басшысы бекітеді және ұйымның мөрімен куәландырылады.

Аудиторлық есепте, сондай-ақ аудиторлық ұйым лицензиясының нөмірі мен берілген күні көрсетіледі."

10. 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудитке бірыңғай талаптар белгілейтін және аудит жүргізудің принциптерін, тәртібін айқындайтын нормативтік құжаттар аудит стандарттары деп түсініледі."

11. 17-бапта:

1) 1-тармақтың 4) тармақшасындағы "қорытынды" деген сөз "есеп" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасы заң актілерінің негізінде тексерулер тағайындау жөнінде тиісті өкілеттіктері бар мемлекеттік органдардың бастамашылығы бойынша көрсетілетін аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметіне ақы төлеу осы органдардың есебінен жүргізіледі."

12. Мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Аудиторлық қызметті сақтандыру

1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар аудитті жүзеге асыру кезінде залал келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

2. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады."

13. 20-бапта:

1) үшінші абзацта:

"соңғы екі жыл ішінде" деген сөздер алып тасталсын;

"қаржылық есептілік" деген сөздердің алдынан "аудиттелетін кезең үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"баланс активтерінің сомасы жылына орта есеппен айлық есептік көрсеткіштің 40000 еселенген мөлшерінен асып түсетін немесе аудит міндетті болып табылатын

шаруашылық жүргізуші субъектілерге жеке кәсіпкерлер санатындағы аудиторлардың аудит жүргізуіне тыйым салынады.";

бесінші абзацтағы "аудит жүргізуге тыйым салынады" деген сөздер алып

тасталып, "аудиторларға" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылсын.

2-бап. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған аудиторлық ұйымдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

3-бап. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған аудиторлық ұйымдар үшін осы Заңның 1-бабының 3-тармағы 2001 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.